Этнопедагогика және оның қазіргі жастар санасы мен тәрбиесіне ықпалы

©Алметов Негматжан Шадиметович, М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2022


Тақырып мән-мағынасын ашу.

1-тапсырма. Тақырыптың кілiт сөздерін жазыңыз (тақырыпқа тікелей және жанама байланысты терминдер).

2-тапсырма. Бүгінгі тақырып не туралы екендігін 100 сөздік аннотациямен сипаттаңыз.

Негізгі ұғымдар

- Этнопедагогика
- Халық педагогикасы
- Қазіргі жастар
- Сана/қазіргі жастар санасы
- Тәрбие
- Тәрбиелік іс-әрекет
- Тәрбиелік ықпал/ықпалдасу



Тақырыптың өзектілігі /қоғамға, ұйымға, маған, отбасыма не береді?

- Жеке пікіріңізбен бөлісіңіз.
- Қорытынды пікірлер.



Тақырыптың өзектілігін анықтайтын факторлар

- ✓Әлемдегі жаһандану үдерістері, әлемдік интеграциялаудың күшеюі;
- ✓Ұлттық кодты сақтау мәселесінің өзектенуі;
- ✓Цифрлы қоғам жастарының ерекше менталитеті;
- ✓Оқушы/студент жастар тәрбиесімен байланысты мәселелер;
- ✓Ұлттық мәдениеті жоғары тұлғаны тәрбиелеу;
- ✓Ұлттық құндылықтарымызды трансформациялау, жетілдіру.
- ✓Этномәдени білім беру.
- ✓Қазақ ұлттық мектебін дамыту, оның жаңашыл моделін құру.
- ✓Ұлттық негіздегі отбасы тәрбиесі.

Қазіргі жастар менталитеті (қандай?)



- Заманамыз жастарына тән 10 қасиетті жазыңыз.
- Қазіргі жастар менталитетінің позитивті тұстары.
- Қазіргі жастар менталитетінің теріс тұстары (бар болса).
- Қазіргі жастарды тәрбиелеу туралы конструктивті пікірлеріңіз (жастар санасы, дүниетанымы, мінез-құлықтары, мәдени келбетінде нелерді өзгерту керек).
- Жастар тәрбиесінде «ұлттық құрамдас неше пайыз» болуы керек?

Этнопедагогика ғылымы

- Халық педагогикасының әдіснамалық, теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттейтін ғылым. Педагогика ғылымының дербес саласы.
- Негізін қалаған Г.Н.Волков.
- Қазақстанда 1970-80 жж. зерттеулер жүргізілген, бірақ қарқынды дамуы 1990-2000 жж. тура келеді (неге?).
- Зерттеушілер (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Узақбаева, Ә.Табылдыев, Қ.Бөлеев, А.А.Қалыбекова, Қ.Қ.Шалғынбаева т.б.).

«Халық педагогикасы» ұғымының мәнін ашамыз.

- Мәтін түрінде.
- Сурет түрінде.
- Графикалық түрде.
- Өлең түрінде.



Халық педагогикасы – ....

- Халық бұқарасының бала тәрбиесі, жастарды өмірге дайындау, оқыту туралы тәжірибелік жолмен жинақтаған білімдері, икемділіктері, дағдылары.
- Халықтың тәрбиенің мақсаттарына, бағыттарына, әдіс-тәсілдеріне деген көзқарасы және оның нақты тәжрибесі.
- *Кең мағынада* барлық халықтарға тән тәрбие идеялары мен тәжірибесі.
- *Тар мағынада* нақты бір халықтың, этностың, тайпаның, рудың, отбасының педагогикалық мәдениеті (*мысалы, қазақ халық педагогикасы).*

Халық педагогикасының ерекшеліктері

- Халық педагогикасын мектеп педагогикасымен (ғылыми педагогикамен) салыстырып сипаттаңыз.
- Алдын ала салыстыру үшін критерийлер таңдаңыз.
- Салыстырма талдау кесте түрінде болғаны жөн.

Халық педагогикасының ерекшеліктері

- Ұрпақтан-ұрпаққа күнделікті өмірде, ауызша беріледі.
- Бұл таза эмпирикалық (тәжірибеден алынған) білімдер.
- Халықтың тәрбиеге деген көзқарастарын, жан-жақты тұлға тәрбиелеу армандарын, бала тәрбиесінде қолданылып келген әдіс-тәсілдері мен құралдарын кірістіреді.
- Оның авторы – халық/ ұжымдық сипаттағы шығарма.
- Аудиториясы кең-ауықымды.
- Халық қанша өмір сүрсе, сонша өмір сүреді.
- Прагматик сипатқа ие (тек өмірде пайдалы нәрселер алынады).
- Прогрессивті әрі консервативті қырлары, заманнан артта қалған тәсілдері болады.

Халық педагогикасының көздері

- Ана тілі
- Фольклор
- Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар
- Ұлттық өнер
- Ұлттық спорт ойындары
- Халықтық білімдер (халық механикасы, халық медицинасы, астрология т.б.).
- Шаруашылық-тұрмыстық дәстүрлер (мал шаруашылығы, аңшылық, диқаншылық).
- Халық дәнішпандтарының әдеби/ғылыми мұрасы.
- Діні наным-сенімдер.

Халық педагогикасында тәрбие әдістері

- түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б.



Прогрессивті және консервативті халықтық дәстүрлер (пікірталас)

1) Қандай халық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білесіз?
2) Қандай салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар прогрессившіл сипатқа ие, оларды сақтау және жаңғырту керек деп ойлайсыз ба?
3) Қандай салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың заманы бітті, олардан арылатын кез келді, деген пікірдесіз?
4) Халықтың өміріне қандай жаңашыл салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

XXI ғасырдағы әлемдік деңгейдегі қазақ ұлттық мектебі қандай болмақ? (топтық жоба)

1) Бұл мектепің миссиясы, мақсаттары қандай болады?
2) Оқушыны қай бағыттарда дамытады?
3) Білім беру мазмұны неден құралады?
4) Білім берудің қандай технологиялары қолданылады?
5) Мұғалімдері қандай болуы керек?
6) Түлектері қандай болады?
7) Мектептің сыртқы келбеті және ішкі кеңістігі қандай болады?

Халық педагогикасын қалай пайдаланамын?

- Өзімді дамытуда.
- Отбасымда балаларымды тәрбиелеуде.
- Мектепте/ЖОО-ында шәкірттерімді тәрбиелеуде.
- Сабақта/қызмет бабында.
- Ұжымымды, командамды дамыту үшін.



Рефлексия

1) Мен бүгін нелерді үйрендім?
2) Қандай сқрақтарды өте жақсы меңгердім?
3) Қандай сұрақтарды қосымша меңгеруім керек?
4) Болашақта осы тақырыпта қандай нақты (пайдалы) жұмыстар атқаруға болады?